2024 – елдіктің еңсесін асқақтатқан жыл

EGEMEN QAZAQSTAN

egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

31 ЖЕЛТОҚСАН 2024 ЖЫЛ, СЕЙСЕНБІ №251 (30980)

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

# Жіті тергеу жүргізу міндеті жүктелді

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ақтау қаласы маңындағы ұшақ апатына байланысты кеңес өтті.***



Суретті түсіргендер – А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Е.ҮКІБАЕВ

Президент Маңғыстау облысында болған ұшақ апатынан Қазақстан азаматтары да қаза тапқанына тоқталып, марқұмдардың отбасы мен жақындарына тағы да көңіл айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев жедел көмек көрсету құрылымдары апат кезінде шұғыл әрі үйлесімді әрекет еткеніне назар аударды.

– Апаттың салдары бұдан да ауыр болуы мүмкін еді. Біз бұған жол берген жоқпыз. Адам өмірін сақтап қалдық. Құтқару жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілді. Қажетті ақпараттың барлығы жұртшылыққа уақтылы беріліп тұрды. Яғни оқиға бойынша толыққанды мәлімет бәріне бірдей ұсынылды. Азаматтарымыз алғашқы минуттан бастап зардап шеккендерге көмек қолын созды. Халқымыз жанашырлық, ұйымшылдық және шынайы тілеулестік қасиетін көрсетті. Жұрт кезекке тұрып, қан тапсырды. Әзербайжан елшілігі ғимаратына гүл шоқтарын қойды. Бұл туралы еліміздің және шетелдің бұқаралық ақпарат құралдары жан-жақты мәлімет таратты. Құтқарушылардың, дәрігерлердің және волонтерлердің адал қызметіне күллі әлем куә болды. Әсіресе көршілес әрі серіктес елдер – Әзербайжан, Ресей, Қырғызстан азаматтары айрықша алғыс білдіріп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Үкіметке апат салдарын жоюға атсалысқан адамдардың ерлігі мен еңбегін лайықты атап өту, ерекше көзге түскен азаматтарды мемлекеттік наградаға ұсыну жөнінде тапсырма берді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Үкіметтік комиссияға зардап шеккен шетел азаматтарына қажетті медициналық және психологиялық тұрғыдан толық көмек беруді, қайтыс болған Қазақстан азаматтарының туған-туыстарына айрықша қамқорлық көрсетуді тапсырды.

Үкіметтік комиссия мен Бас прокуратураға басқа құзыретті органдармен бірлесіп, ұшақ апатына жан-жақты әрі объективті тергеу жүргізу міндеті жүктелді. Президенттің пікірінше, бұл ретте ақпараттық арандату мен фейкке жол бермеу маңызды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі авиациялық қауіпсіздіктің жай-күйін мұқият тексеру қажет екенін мәлімдеді.

Кеңес барысында Үкіметтік комиссия төрағасы, Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев, Бас прокурор Берік Асылов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов және Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндама жасады.

## Ресей Президентімен телефон арқылы сөйлесті

***Ресей тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.***

Президенттер Ақтау қаласының маңында Azerbaijan Airlines компаниясы ұшағының апатқа ұшырап, Қазақстан және Ресей азаматтарының қаза табуына байланысты бір-біріне көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин апат себептерін анықтау үшін тараптардың атқарып жатқан жұмыстарын талқылады. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметтік комиссиясы тергеу ісін Әзербайжан, Ресей және Бразилия елдерінің мамандарын тарта отырып жүргізіп жатқанын айтты.

Президенттер тергеу амалдарын жан-жақты және ашық жүргізудің маңызды екенін атап өтті.

## Достас корей халқына көңіл айтты

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасы Президентінің міндетін атқарушы Чой Сан Мокқа көңіл айту жеделхатын жолдады.***

Қасым-Жомарт Тоқаев Муан әуежайында болған ұшақ апатының салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

Президент жақындарынан айырылған отбасыларға және барша достас корей халқына көңіл айтып, апаттан зардап шеккен азаматтардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

## Бір топ азамат мемлекеттік марапатпен құрметтелді

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бір топ азамат Әзербайжанның Azal компаниясына тиесілі ұшақтың апатқа ұшырауынан зардап шеккен адамдарды құтқару кезінде ерлік, кәсібилік және азаматтық жауапкершілік көрсеткені үшін мемлекеттік марапатқа ие болды.***

Олардың арасында ТЖМ өкілдері, медицина мамандары, полицейлер, «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» акционерлік қоғамының жұмысшылары және Ақтау әуежайының қызметкерлері бар.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Маңғыстау облысы полиция департаментінің криминалисі Айбек Әлібаев Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті Басқұдық ауылы №12 өрт сөндіру бөлімінің командирі Серіболат Оңғар, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті авариялық-құтқару жұмыстары және өрт сөндіру қызметінің №12 өрт сөндіру бөлімшесінің өрт сөндірушісі-құтқарушысы Олжас Байтөре, Қорғаныс министрлігі 30153 әскери бөлімшесінің алыс жетекті радиомаркер пунктінің бөлім бастығы (ауысым бастығы) Нұрлан Ботағарин, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті авариялық-құтқару жұмыстары және өрт сөндіру қызметінің №1 мамандырылған өрт сөндіру бөлімшесінің аға өрт сөндірушісі-құтқарушысы Марлен Саркенов Рақымжан Қошқарбаев атындағы III дәрежелі «Айбын» орденімен, Маңғыстау облыстық көпсалалы ауруханасының орталық меңгерушісі Бақытжан Қойбеков пен Ақтау халықаралық әуежайы медициналық пунктінің меңгерушісі Ирина Кочергина «Құрмет» орденімен марапатталды.

«Ерлігі үшін» медалімен Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем стансасының фельдшері Тимур Қисаев, Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының дәрігері Оспан Оразбеков, «Қазаэронавигация» РМК Ақтау филиалындағы «Вышка» диспетчерлік пунктінің диспетчері Ярослав Толстиков, «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ Ақтау электр желілер ауданының шебері Нұралы Шопанов, Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының жүргізуші-санитары Қожабек Аллабергенов, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті «Жедел құтқару жасағының» құтқарушысы Манас Багитов, «Қазавиақұтқару» АҚ екінші ұшқышы Әлішер Естемес, «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемесінің командирі Асхат Құдабаев, Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының фельдшері Заманбек Құбайдуллаев марапатталды. Ақтау халықаралық әуежайының қызмет бастығының орынбасары Бекболат Жұмағұлов, Әділет министрлігі «Сот сараптамалары орталығы» Маңғыстау облысы бойынша филиалының маманы Эльдар Оразалиев, Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының психологі Жан Есен «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері атанды.

Сонымен қатар 51 адамға Президенттің Алғысы жарияланды.

РЕСМИ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағында:

11-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

13 >

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биржа саудасы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 24-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі 13) тармақшасындағы «майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері деп танылмайды.» деген сөздер «майнинг жөніндегі қызметті;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

15 >

САРАПТАМА

## Ұлт экономикасының бүгіні мен ертеңі

«Егемен» сарапшыларының бағасы

**Биыл экономикалық өсім 4,4 пайыз болды. Бұл – 11 айды қорыта айтқандағы алдын ала көрсеткіш. Бір қуантарлығы, өсімнің 70 пайыздан астамын мұнайдан өзге секторлар қамтамасыз етті. Атап айтқанда, өңдеуші өнеркәсіп, сауда, ауыл шаруашылығы және құрылыс. Осы орайда «Egemen Qazaqstan» газетіндегі Экономика бетінің тұрақты сарапшылары жылды қорытындылап, басты жетістіктер мен кемшін тұстарды шолып шықты.**

7 >




КӨКЕЙКЕСТІ



## Тасқын суды бірлікпен еңсердік

***2024 жыл алапат су тасқынымен есте қалатыны сөзсіз. Мұндай апатты еліміз ғана бастан кешкен жоқ, осы жылы әлемнің бірқатар бөлігінде өзендер арнасынан асып, лай көшкіні жүрді. Бұл – елімізде соңғы 80 жылдағы ең ірі су тасқыны.***

**Бақытбек ҚАДЫР,**
*«Egemen Qazaqstan»*

### Шұғыл және жан-жақты көмек

Мыңдаған отбасы баспанасыз қалып, апат салдарынан қираған инфрақұрылымды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік құрылымдар, гуманитарлық ұйымдар мен жеке сектор арасындағы нақты үйлестірілген жұмыс нәтижесінде Үкімет апаттың салдарын барынша азайтып, зардап шеккендерге жедел көмек көрсетті.

Тілсіз жау бірден тізгіндеуге ырық бермеді. Еліміздің он аймағындағы су қоймалары кемерінен асып, бұрқ-сарқ қайнап, қауіп тудырды. Әсіресе батыс өңіріндегі өзен суларының деңгейі күн сайын өрлеп, өрекпіді. Соған сай мемлекеттік құрылымдармен бірге жұртшылық та тайлы-тұяғы қалмай Жайықтың жағасында дамылсыз дамба салып, келе жатқан қауіптің алдын алуға жұмылды. Қамданған қапы қалмайтынын батыстағы жұртшылық айқын аңғартты.

8 >

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 <

«11-1) баланы қабылдайтын кәсіби отбасы – ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (қарындастарды) қоспағанда, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж төртеуден аспайтын баланы алдын ала таңдамай тәрбиелеуге қабылдайтын отбасына уақытша орналастыру нысаны;»;

мынадай мазмұндағы 11-2) тармақшамен толықтырылсын:

«11-2) баланы қабылдайтын отбасы – ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (қарындастарды) қоспағанда, жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы кемінде төрт және оннан аспайтын жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы тәрбиелеуге қабылдайтын отбасына орналастыру нысаны;»;

12) тармақша «(баланы қабылдайтын ата-аналар),» деген сөздерден кейін «баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиеші (баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер),» деген сөздермен толықтырылсын;

18) тармақша «Үкіметі айқындайтын» деген сөздерден кейін «, балалардың құқықтарын қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 22-бапта:

1-тармақтың екінші сөйлемі «тектері» деген сөзден кейін «, сондай-ақ қол жеткізілген келісімнің шарттары» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау кезінде сот ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін, сондай-ақ баланың заңды мүдделерін ескереді.»;

3) 48-бап «айғақтарды» деген сөзден кейін «, оның ішінде молекулалық-генетикалық сараптама қорытындысын» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 66-баптың 2-1-тармағындағы «алименттерді алушының немесе оның өкілінің талабы бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

5) 11-тараудың тақырыбы «Ата-аналардың» деген сөзден кейін «, аталардың, әжелердің, аға-інілер мен апа-сіңлілердің (қарындастардың)» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 73-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер ата-аналар келісімге келе алмаса, дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындаған тәртіппен шешеді, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда – дау қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның және баланың ата-аналарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді.»;

7) мынадай мазмұндағы 73-1-баппен толықтырылсын:

«73-1-бап. Аталарының, әжелерінің, аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) баламен араласуға құқығы

1. Аталарының, әжелерінің, аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) баламен араласуға құқығы бар.

2. Ата-аналар (олардың біреуі) баланың аталарына, әжелеріне, аға-інілері мен апа-сіңлілеріне (қарындастарына) онымен араласуға мүмкіндік беруден бас тартқан жағдайда, дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайтын тәртіппен шешеді.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның шешімімен келіспеген жағдайда, дау қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді.»;

8) 85-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өтініш берушінің жұбайы балаға қатысты әке болуды анықтаған баланы асырап алу кезінде баланы асырап алуға ниет білдіргені туралы өтінішке асырап алынатын балаға қатысты әке болуды растайтын молекулалық-генетикалық сараптама қорытындысы қоса беріледі.»;

9) 89-баптың 1-тармағындағы «5 және 6-тармақтарында» деген сөздер «5-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 114-1-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «қабылдаушы отбасыға» деген сөздер «баланы қабылдайтын отбасына, баланы қабылдайтын кәсіби отбасына» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 4-бөлімнің тақырыбы «қабылдайтын» деген сөзден кейін «, баланы қабылдайтын кәсіби» деген сөздермен толықтырылсын;

12) 116-баптың 1-тармағы:

«қабылдайтын отбасына» деген сөздерден кейін «,баланы қабылдайтын кәсіби отбасына» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың туыстары оларды тәрбиелеуге басым құқықты иеленеді.»;

13) 117-бапта:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің тарапынан қамқорлықтың болмау фактісі анықталған кезде мәліметтер келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде баланың тұрмыс жағдайын зерттеп-қарауды жүргізуге және баланы орналастыру туралы мәселе шешілгенге дейін оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкіне (бастапқы, орталықтандырылған есепке алу) енгізеді және оларды отбасына (асырап алу, қорғаншылық немесе қамқоршылық, патронат, баланы қабылдайтын отбасы) орналастыруды қамтамасыз етеді.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібін Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.»;

6-тармақ алып тасталсын;

14) 118-баптың 1-тармағы «баланы қабылдайтын» деген сөздерден кейін «, баланы қабылдайтын кәсіби» деген сөздермен толықтырылсын;

15) 120-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мамандарының штат санының нормативі аудандағы, облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы балалар саны негізге алына отырып, бес мың балаға кемінде бір маман арақатынасында айқындалады.»;

16) 123-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) тұрғынжайға және өзге де мүлікке меншік құқығын және (немесе) тұрғынжайды және өзге де мүлікті пайдалану құқығын сақтауға;»;

17) 124-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тұрғынжайға және өзге де мүлікке меншік құқығын және (немесе) тұрғынжайды және өзге де мүлікті пайдалану құқығын сақтауға;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) тұрғынжайы болмаған жағдайда оны Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес алуға;»;

18) 126-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары немесе шетел азаматтары болып табылатын қорғаншылар немесе қамқоршылар кемінде алты айда бір рет қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша баланың денсаулық паспортының көшірмесін және оны тәрбиелеу туралы, оны күтіп-бағуға бөлінген ақшаны жұмсау және оның мүлкін басқару туралы есептерді ұсынуға міндетті.»;

19) 132-2-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы «бала ата-аналарына қайтарылған, туыстарына берілген» деген сөздер «қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органмен келісу бойынша бала ата-аналарына, өзге де заңды өкілдеріне қайтарылған» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 132-3-баптың 3-тармағындағы «алты айдан бір реттен сиретпей», «жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулық жағдайы туралы және оларды тәрбилеу жөніндегі жұмыс туралы есептерді, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуға бөлінген қаражатты жұмсау туралы, сондай-ақ олардың мүлкін басқару жөніндегі есепті» деген сөздер тиісінше «кемінде алты айда бір рет», «денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша баланың денсаулық паспортының көшірмесін және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға оларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыс туралы, оларды күтіп-бағуға бөлінген ақшаны жұмсау және олардың мүлкін басқару туралы есептерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 132-4-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі «меншік құқығын немесе тұрғынжайды» деген сөздер «және өзге де мүлікке меншік құқығын және (немесе) тұрғынжайды және өзге де мүлікті» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) мынадай мазмұндағы 17-2-тараумен толықтырылсын:

«17-2-тарау. Баланы қабылдайтын кәсіби отбасы

132-6-бап. Баланы қабылдайтын кәсіби отбасы

1. Баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер мен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган арасында жасалған, баланы қабылдайтын кәсіби отбасына Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды беру туралы шарт баланы қабылдайтын кәсіби отбасына Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды беруге негіз болып табылады.

Баланы қабылдайтын кәсіби отбасы ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (қарындастарды) қоспағанда, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж төртеуден аспайтын баланы тәрбиелеуге қабылдайды.

2. Баланы қабылдайтын кәсіби отбасы туралы ережені Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.

3. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның баланы қабылдайтын кәсіби отбасыларға олардың тұрғылықты жері бойынша алдын ала хабарламай баруға құқығы бар.

4. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды ата-аналарына қайтару жөніндегі, ал Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды ата-аналарына қайтару мүмкін болмаған кезде – оларды отбасына (асырап алу, қорғаншылық немесе қамқоршылық, патронат, баланы қабылдайтын отбасы) тәрбиелеуге беру жөніндегі шараларды басым тәртіппен қабылдауға міндетті.

132-7-бап. Баланы қабылдайтын кәсіби отбасына Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды беру туралы шарт

1. Баланы қабылдайтын кәсіби отбасына Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды беру туралы шартта (бұдан әрі – баланы қабылдайтын кәсіби отбасына балаларды беру туралы шарт) балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру жағдайлары, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ осындай шартты тоқтатудың негіздері мен салдарлары көзделуге тиіс.

Баланы қабылдайтын кәсіби отбасына балаларды беру туралы шарт алты ай мерзімге, бір реттен асырмай сол мерзімге ұзарту құқығымен жасалады.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж, баланы қабылдайтын кәсіби отбасына берілген әрбір балаға, баланы қабылдайтын кәсіби отбасына балаларды беру туралы жеке шарт жасалады.

2. Баланы қабылдайтын кәсіби отбасына балаларды беру туралы шарт:

1) дәлелді себептері (науқастануы, отбасылық немесе материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсініктің болмауы, балалар арасындағы жанжалдар және басқалар) болған кезде баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілердің бастамасы бойынша;

2) балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру үшін қолайсыз жағдайлар туындаған кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның бастамасы бойынша;

3) қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органмен келісу бойынша бала ата-аналарына, өзге де заңды өкілдеріне қайтарылған немесе бала асырап алынған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

132-8-бап. Баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер

1. Отыз жасқа толған, бірақ алпыс үш жастан аспаған, осы Кодекстің 122-бабының 1-тармағында көзделген талаптарға сай келетін, баланы қабылдайтын кәсіби отбасы туралы ережеде айқындалған тәртіппен баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиеші деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер бола алады.

Баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж, тәрбиелеуге қабылданған балаларға қатысты қорғаншылар мен қамқоршылар сияқты дәл сондай құқықтар мен міндеттерді иеленеді.

2. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2) 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды күтіп-бағуға, тәрбиелеуге және оларға білім беруге қолайлы жағдайлар жасау үшін баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілердің меншік немесе пайдалану құқығында әрбір адамға кемінде он бес шаршы метр мөлшерінде тұрғынжайы болуға тиіс.

3. Баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды ата-аналарына қайтаруға, ал Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды ата-аналарына қайтару мүмкін болмаған кезде – оларды отбасына (асырап алу, қорғаншылық немесе қамқоршылық, патронат, баланы қабылдайтын отбасы) тәрбиелеуге беруге жәрдемдеседі.

4. Баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерді іріктеу, оқыту, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиеші деп тану туралы қорытынды беру, сондай-ақ баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу тәртібі баланы қабылдайтын кәсіби отбасы туралы ережеде айқындалады.

5. Баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балалардың денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша денсаулық паспортының көшірмесін және оларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыс туралы, оларды күтіп-бағуға бөлінген ақшаның жұмсалғаны және олардың мүлкін басқару туралы есептерді тоқсан сайын ұсынуға міндетті.

Баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілердің Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балалардың банк шоттарынан ақша алуға құқығы жоқ.

132-9-бап. Баланы қабылдайтын кәсіби отбасына берілетін, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балалар

1. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды баланы қабылдайтын кәсіби отбасына беруді қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар баланы қабылдайтын кәсіби отбасы туралы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Баланы қабылдайтын кәсіби отбасына Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды беру үшін баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер оларды алдын ала таңдауды жүзеге асырмайды.

2. Балалардың заңды мүдделеріне сай келетін және балалар өздерінің туыстығы туралы білмейтін, бірге тұрмаған және тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (қарындастарды) ажыратуға жол берілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерге беру олардың пікірлері ескеріліп жүзеге асырылады. Он жасқа толған балалар өзінің келісімімен ғана берілуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды беру кезінде баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілердің адамгершілік және өзге де жеке қасиеттері, олардың баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиеші міндеттерін орындау қабілеті ескеріледі.

5. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерге берілген балалар өздеріне тиесілі алименттерге, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін ата-аналарының зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғынжайға және өзге де мүлікке меншік құқығын және (немесе) тұрғынжайды және өзге де мүлікті пайдалану құқығын сақтайды. Тұрғынжайы болмаған кезде баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерге берілген жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес оларға тұрғынжай берілуіне құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларға тиесілі ақша мен өзге де мүліктің сақталуы қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерге берілген балалардың тұрғынжайын иеліктен шығару, оның ішінде айырбастау немесе сыйға тарту бойынша мәмілелер жасасуға немесе олардың атынан кепілгерлік шартын, тұрғынжайды өтеусіз пайдалануға беру немесе кепілге салу бойынша мәмілелерді, заң жүзінде, өсиет бойынша оларға тиесілі мұрагерлік құқықтардан бас тартуына, олардың тұрғынжайын бөлуге немесе одан үлесті бөліп алуға әкеп соқтыратын мәмілелерді жасасуға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерге берілген балалар осы Кодекстің 60, 61, 62 және 67-баптарында көзделген құқықтарды да иеленеді.

132-10-бап. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерге берілген балаларды күтіп-бағу

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерге берілген әрбір баланы күтіп-бағуға баланы қабылдайтын кәсіби отбасы туралы ережеге сәйкес ай сайын ақша төленеді.»;

23) 134-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы «бала ата-анасына қайтарылған, туыстарына берілген» деген сөздер «қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органмен келісу бойынша бала ата-аналарына, өзге де заңды өкілдеріне қайтарылған» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 136-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі «тұрғын жайға меншік құқығын немесе тұрғын жайды» деген сөздер «тұрғынжайға және өзге де мүлікке меншік құқығын және (немесе) тұрғынжайды және өзге де мүлікті» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

312-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) өтініш берушінің жұбайы әке болуды анықтаған баланы асырап алу кезінде – асырап алынатын балаға қатысты әке болуды растайтын молекулалық-генетикалық сараптама қорытындысы;».

3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 24-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«24-бап. Қазақстан Республикасында мынадай құрметті атақтар белгіленеді:

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»;

«Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы»;

«Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері»;

«Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері»;

«Қазақстанның еңбек сіңірген инженері»;

«Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы»;

«Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері»;

«Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі»;

«Қазақстанның еңбек сіңірген геологы»;

«Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы»;

«Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері»;

«Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері»;

«Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері»;

«Қазақстанның халық әртісі»;

«Қазақстанның халық жазушысы».»;

2) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

25-бап. Қазақстан Республикасының құрметті атақтары:

– «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» – Қазақстан Республикасына сіңірген зор еңбегі үшін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғылым, мәдениет, өнер, өндіріс және әлеуметтік саланың өкілдеріне;

– «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» – аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін педагогтерге;

– «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» – денсаулық сақтау саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін медицина қызметкерлеріне;

– «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, ғылым және техника саласындағы аса үздік жетістіктері үшін ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар ғалымдарға;

– «Қазақстанның еңбек сіңірген инженері» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, энергетика, байланыс, жобалау саласында жұмыс істеген және технологияларды дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге;

– «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, құрылыс, сәулет және жобалау саласында жұмыс істеген, құрылыс техникасын дамытуға және жетілдіруге елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге;

14 >

1, 13<

– «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, Қазақстан Республикасының өнеркәсіп, металлургия, технологиялар, автоматтандыру және басқа да салаларын дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге;

– «Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, тау-кен өндіру өнеркәсібі мен шахта құрылысын дамытуға, жаңа техника мен технологияларды зерттеу мен жетілдіруге елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге, сондай-ақ кәсіпорындағы аварияларды жою және жазатайым оқиғалардың алдын алу кезінде көрсеткен бастамасы мен батылдығы үшін кеншілерге;

– «Қазақстанның еңбек сіңірген геологы» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, геологиялық барлау өндірісіне озық технологияларды енгізгені және жер қойнауын барлағаны үшін, минералдық-шикізат базасын, геологиялық барлауды құрғаны үшін, геологиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, топографиялық-геодезиялық қызметтер мен геологиялық-зерттеу ұйымдарын дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге;

– «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» – белгіленген ғарыштық ұшу бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асырған, алдарына қойылған ғылыми-техникалық, зерттеушілік және практикалық міндеттерді мінсіз орындаған азаматтарға;

– «Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, көлік саласында жұмыс істеген теміржол, әуе, су, автомобиль, құбыржол көлігі және басқа да көлік түрлерінің қызметкерлері мен жұмыскерлеріне, сондай-ақ тасымалдау және көлікте көрсетілетін қызметтер сапасын жетілдіргені, материалдық және отын ресурстарын үнемдегені үшін, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғауды жақсарту бағытында елеулі үлес қосқан басқа да жұмыскерлерге;

– «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен жұмыскерлеріне, оның ішінде малшыларға, өсімдік өсірушілерге, фермерлерге, агрономдарға, ветеринарларға, бағбандарға және аграрлық саланың басқа да жұмыскерлеріне, сондай-ақ ғылыми және басқа да ұйымдардың, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласына қызмет көрсететін ұйымдардың ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жұмыскерлеріне;

– «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге, гидротехниктерге, мелиораторларға;

– «Қазақстанның халық әртісі» – бұрын «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» (Заслуженный артист Казахстана) және (немесе) «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (Заслуженный деятель Казахстана) құрметті атағына ие болған, Қазақстан Республикасының театр, цирк, музыка өнері мен кино өнерін дамытуға ерекше үлес қосқан адамдарға;

– «Қазақстанның халық жазушысы» – бұрын «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» («Заслуженный деятель Казахстана») құрметті атағына ие болған, Қазақстан Республикасының әдебиетін дамытуға айрықша үлес қосқан адамдарға және (немесе) әдебиет саласындағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттарына беріледі.».

4. «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша «тәрбиеленуші-балалардың», «тәрбиеленуші балалар», «тәрбиеленуші балалар (тәрбиеленушілер)», «тәрбиеленуші балалардың», «тәрбиеленуші балаға», «Тәрбиеленуші-балалардың», «тәрбиеленуші-балаларына», «Тәрбиеленуші-балаларға», «Тәрбиеленуші-балалар», «Тәрбиеленуші-балаларды», «тәрбиеленуші-балалар» деген сөздер тиісінше «тәрбиеленушілердің», «тәрбиеленушілер», «тәрбиеленушілер», «тәрбиеленушілердің», «тәрбиеленушіге», «Тәрбиеленушілердің», «тәрбиеленушілеріне», «Тәрбиеленушілерге», «Тәрбиеленушілер», «Тәрбиеленушілерді», «тәрбиеленушілер» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бапта:

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері

1. Осы Заңның негізгі мақсаттары жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасындай ортада тұруы және тәрбиеленуі үшін жағдай жасауға бағытталған отбасы үлгісіндегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің құқықтық жағдайын айқындау, сондай-ақ олардың мәртебесін бекіту болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы Заң мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) ізгілік;

2) әділеттілік;

3) жеке адамның еркін дамуы;

4) тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін басымдылықпен қорғау;

5) балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлері отбасы мүшелерінің өзара көмек және қолдау көрсетуі.»;

2-тармақтың бірінші абзацындағы «міндеттердің» деген сөз «негізгі міндеттердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 19-баптың 3-тармағындағы «тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы, оны тәрбиелеу жөніндегі, сондай-ақ тәрбиеленушінің мүлкін басқару жөніндегі жұмысы туралы қорғаншы және қамқоршы органға кем дегенде жылына бір рет есеп беріп отыруға» деген сөздер «баланың денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша денсаулық паспортының көшірмесін, оны тәрбиелеу жөніндегі жұмыс туралы және оның мүлкін басқару туралы есептерді қорғаншы және қамқоршы органға кем дегенде жылына бір рет ұсынуға» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспедегі «балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп,» деген сөздер алып тасталсын;

2) 1-бапта:

5) тармақшадағы «өмірде қиын ахуалға тап болған» деген сөздер «арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) баланың заңды өкілдері – ата-аналар (ата-ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиеші (баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілер), патронат тәрбиеші және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар;»;

мынадай мазмұндағы 8-3 және 8-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-3) Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл – Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, өзіне балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі функциялар жүктелетін адам;

8-4) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, балалардың құқықтарын қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) патронат – жетім балаларды, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиелеуге алуға ниет білдірген адам жасасатын шарт бойынша отбасына патронаттық тәрбиелеуге берген кездегі тәрбие нысаны;»;

15) тармақша алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

«3-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері

1. Осы Заңның негізгі мақсаттары балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, баланың құқықтарының негізгі кепілдіктерін нығайту және құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі қағидаттары мыналар болып танылады:

1) балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау басымдығы;

2) балалардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту;

3) әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде жоғары адамгершілік қасиеттерді, патриотизм мен азаматтық қасиеттерін дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру.

3. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, сондай-ақ баланың құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру;

2) балалардың құқықтарын қамтамасыз ету шараларын әзірлеу және іске асыру;

3) балалардың дене бітімі, зияткерлік, рухани және адамгершілік тұрғысынан дамуына, олардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, олардың бойында патриотизм, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, Қазақстан халқының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;

4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдарды құру;

5) балалардың құқықтарын қорғау жүйесін қалыптастыру және оның тиімді жұмыс істеуін және оны жетілдіруді қамтамасыз ету;

6) балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төмен әлеуметтік стандарттарды белгілеу.»;

4) 6-бап алып тасталсын;

5) 7-бапта:

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының, Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекетте баланың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі өкілеттіктері

1. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының өкілеттіктеріне:

1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру;

2) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

3) балалардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

4) баланың құқықтарын қорғау саласындағы басқа да мүдделі уәкілетті органдардың қызметін, оның ішінде халықаралық ынтымақтастық саласында үйлестіру;

5) баланың құқықтарын қорғау саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

6) балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төмен әлеуметтік стандарттарды белгілеу;

7) осы Заңның негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балалардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Орталық атқарушы органдардың баланың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі өкілеттіктеріне:

1) балалардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

2) осы Заңның негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балалардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

3-тармақта:

бірінші абзацтағы «құқықтары кепілдіктерін жүзеге асырудағы» деген сөздер «құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша «мүдделеріне орай» деген сөздерден кейін «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы,» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 27-бапта:

тақырыптағы, 1 және 5-тармақтардағы «және баланы қабылдайтын отбасы», «баланы қабылдайтын отбасына» деген сөздер тиісінше «баланы қабылдайтын және баланы қабылдайтын кәсіби отбасы», «баланы қабылдайтын және баланы қабылдайтын кәсіби отбасына» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Бір отбасында тәрбиеленген туған ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (қарындастарды) әртүрлі адамдардың қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа алуына, осы мән-жайлар балалардың заңды мүдделеріне сай келетін жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.»;

7) 30-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы он екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтары Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды тәрбиелеуге қабылдаған отбасыларға жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әлеуметтік, құқықтық, психологиялық, педагогикалық көмек көрсетуге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады.»;

8) 43-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Баланың заңды өкілдері барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан, барлық ұйымдарда, оның ішінде соттарда кез келген тұлғамен қарым-қатынаста, арнаулы өкілеттіксіз баланың туу туралы куәлігі, заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжаты негізінде балаларға өкілдік етуді және олардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды жүзеге асырады.»;

9) 51-бап алып тасталсын.

6. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

7-баптың 4) және 4-1) тармақшалары алып тасталсын.

7. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2) академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді, педагогтерді оқыту, тағылымдамадан өту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында немесе оқуды жалғастыру үшін басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында академиялық кредиттер түрінде меңгерген оқыту нәтижелерін (модульдерін), оқу бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта есепке ала отырып, басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ел ішінде немесе шет елге) ауыстыру;»;

13-1) тармақша «жүз пайыз қатысатын,» деген сөздерден кейін «ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

37-2) тармақшадағы «білім беру» деген сөздер «ғылым және жоғары білім» деген сөздермен ауыстырылсын;

48-4) тармақшадағы «жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты» деген сөздер «техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты мамандықтары (біліктіліктері) немесе» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы «уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) ұлттық және жалпы адамзатқа тән құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, Қазақстан халқының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім беруді озық қарқынмен дамытуды қамтамасыз ету;

14) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;

2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;

3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;

4) білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;

5) адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;

6) жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;

7) білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;

8) оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;

9) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;

10) білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы.

4. Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.»;

4) 4-баптың 21) тармақшасында:

«мемлекеттік білім беру ұйымдарының», «бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу» деген сөздер тиісінше «білім беру ұйымдарының», «арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу» деген сөздермен ауыстырылсын;

«шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда» деген сөздер алып тасталсын;

5) 5-баптың бірінші бөлігінде:

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қоспағанда, білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлейді және бекітеді;»;

19) тармақшада:

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту;»;

екінші және үшінші абзацтардағы «мамандықтар бойынша» деген сөздер «білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы «беру үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша береді;» деген сөздер «беру;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін көрсету үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша береді;»;

21) және 23) тармақшалардағы «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 27-1), 117) және 118) тармақшалармен толықтырылсын:

«27-1) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

«117) осы Заңның негізгі мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

118) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

6) 5-3-бапта:

бірінші бөліктің 16) тармақшасы алып тасталсын;

екінші бөліктегі «16),» деген цифрлар алып тасталсын;

7) 6-бапта:

2-тармақта:

6) тармақшадағы «, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда,» деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақшадағы «мемлекеттік білім беру ұйымдарының» деген сөздер «білім беру ұйымдарының» деген сөздермен ауыстырылсын, «шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда» деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта:

5) тармақшадағы «, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын» деген сөздер «білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мынадай мазмұндағы 7-6) тармақшамен толықтырылсын:

«7-6) өңірлік кәсіпкерлер палаталарының және мүдделі ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;»;

8) 8-баптың 2-2-тармағында:

бірінші бөліктегі «Жатақханаларда тұру» деген сөздер «Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік тапсырыс құрамында жатақханада тұру шығыстарын мемлекет субсидиялаған жағдайларды қоспағанда, жатақханаларда тұру» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «білім беру саласындағы уәкілетті орган, білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы және жатақхананың меншік иесі арасында үш жылдан асатын мерзімге жасалады және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде міндетті тіркелгенінен кейін күшіне енеді» деген сөздер «білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы мен жатақхананың меншік иесі арасында жасалады» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 8-2-бап:

«білім беру жүйесі мен білім беру» деген сөздерден кейін «, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Білім беру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және өткізетін, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган монополияға қарсы органмен келісу бойынша айқындайды.»;

10) 11-бап алып тасталсын;

11) 14-баптың 8 және 8-1-тармақтарындағы «білім беру саласындағы уәкілетті органмен және (немесе)» деген сөздер алып тасталсын;

12) 17-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

15 >

1, 13-14<

«Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылады.»;

13) 20-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылады.»;

14) 21-баптың 2-тармағының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылады.»;

15) 22-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылады.»;

16) 26-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқуға қабылдау ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша жүзеге асырылады және тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларында айқындалады.»;

8-1-тармақта:

«жоғары білімнің» деген сөздер «техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«оқуға қабылдау» деген сөздерден кейін «мемлекеттік білім беру тапсырысы беріліп және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

17) 28-баптың 10-тармағындағы «білім беру саласындағы» деген сөздер «ғылым және жоғары білім саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 30-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

«тәрбиелеу» деген сөз «тәрбие беру мен оқыту» деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

«Мектепке дейінгі» деген сөздерден кейін «тәрбие беру мен» деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

19) 32-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі «және сырттай оқу» деген сөздер «, сырттай оқу және (немесе) онлайн-оқыту» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 33-баптың үшінші бөлігіндегі «және сырттай оқу» деген сөздер «, сырттай оқу және (немесе) онлайн-оқыту» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 37-2-баптың 1 және 2-тармақтары «уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен толықтырылсын;

22) 40-баптың 2-1-тармағының екінші бөлігі «уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен толықтырылсын;

23) 43-1-баптың 4-тармағының 2) тармақшасындағы «білім беру» деген сөздер «ғылым және жоғары білім» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 44-баптың 9-тармағының екінші бөлігі «уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен толықтырылсын;

25) 47-бапта:

9-тармақта:

«Білім алушыларды» деген сөздер «Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданған білім алушыларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

«уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақта:

бүкіл мәтін бойынша «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

«оқуға түскен» деген сөздер «білім алған» деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

екінші бөліктегі «педагогикалық және медициналық мамандықтарға оқуға түскен» деген сөздер «педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша білім алған» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі «докторантураға оқуға түскен» деген сөздер «докторантурада білім алған» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлікте:

«оқуға түскен» деген сөздер «білім алған» деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

сегізінші бөліктің бірінші және төртінші абзацтары «жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын», «жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан» деген сөздерден кейін тиісінше «немесе денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымды», «немесе денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымнан» деген сөздермен толықтырылсын;

26) 57-бапта:

1-тармақтағы «Заңды тұлғалардың» деген сөздер «Заңды тұлға құрмай, мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын дара кәсіпкерлердің, заңды тұлғалардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын» деген сөздер «мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші абзацы «уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен толықтырылсын;

27) 57-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«57-1-бап. Балаларға арналған қосымша білім беру саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама

1. Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған білім беру ұйымдарының қызметі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Балаларға арналған қосымша білім беру саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

3. Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының және мен мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған білім беру ұйымдарының қызметі тоқтатыла тұрған кезде білім беру ұйымдары:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған конкурсқа қатысуға;

2) бұзушылықтар жойылғанға және білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі қызметті қайта бастағанға дейін қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

4. Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған білім беру ұйымдары тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жоймаған кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі білім беру ұйымдарын балаларға арналған қосымша білім беру бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастайды.»;

28) 59-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі «аумақтық бөлімшелері» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган, оның ведомствосы, жергілікті атқарушы органдар» деген сөздермен толықтырылсын;

29) 62-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі «уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен толықтырылсын;

30) 64-баптың 3-тармағы «уәкілетті органмен» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен» деген сөздермен толықтырылсын;

31) 65-баптың 3-тармағы «уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен толықтырылсын;

32) 68-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Осы Заңның 57-1-бабы 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«57-1-бап. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту және балаларға арналған қосымша білім беру саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама

1. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының қызметі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асырылады.

Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған білім беру ұйымдарының қызметі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту және балаларға арналған қосымша білім беру саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

3. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған білім беру ұйымдарының қызметі тоқтатыла тұрған кезде білім беру ұйымдары:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған конкурсқа қатысуға;

2) бұзушылықтар жойылғанға және білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі қызметті қайта бастағанға дейін қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

4. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары, балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған білім беру ұйымдары тексеру және (немесе) мемлекеттік аттестаттау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жоймаған кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі білім беру ұйымдарын мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту және балаларға қосымша білім беру бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастайды.».

8. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-қосымшада:

3-жолда:

3-баған мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту.»;

4-баған «Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып» деген сөздермен толықтырылсын;

88-жолдағы «88. Денсаулық сақтау саласындағы» деген сөздер «87-1. Денсаулық сақтау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-қосымшада:

12-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

«12-1. Балаларға арналған қосымша білім беру саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама».

9. «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

«3-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері

1. Осы Заңның негізгі мақсаттары педагогтердің ерекше жағдайына қол жеткізу және оны сақтап-тұру, олардың мәртебесін бекіту, сондай-ақ құқықтық жағдайын арттыру болып табылады.

2. Осы Заң ізгілік, әділеттілік, педагогтердің кәсіптік қасиеттерін еркін дамыту, педагогтердің кәсіптік қызметпен айналысу құқықтарының теңдігі, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қағидаттарына негізделеді.

3. Осы Заң мынадай негізгі міндеттерді орындауға бағытталған:

1) педагогтерге әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету;

2) педагогтердің өздеріне тән емес функцияларды жүзеге асыруына шектеу қою;

3) педагогтердің ғылымның, техниканың және мәдениеттің жаңа жетістіктері негізінде өз білімін жетілдіруі;

4) педагогтердің педагогтік әдеп ережелерін сақтауы.»;

2) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Педагогтік қайта даярлау тәртібін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайды.».

2-бап. Осы Заң:

2024 жылғы 31 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 8-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацын;

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 7-тармағының 32) тармақшасын, 8-тармағы 2) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын;

2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 10) және 11) тармақшаларын, 12) тармақшасының екінші абзацын, 14) және 22) тармақшаларын, 5-тармағы 2) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 6) тармақшасының екінші абзацын;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 7-тармағы 5) тармақшасының бесінші, алтыншы және оныншы абзацтарын, 26) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 27) тармақшасын, 8-тармағы 1) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 2) тармақшасының екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылы 30 желтоқсан
№ 148-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биржа саудасы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1<

«14) тауар биржаларының қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері деп таныла алмайды.»;

2) 90-6-баптың 4) тармақшасы «қорғау» деген сөзден кейін «және тауар биржалары» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 135-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бақылау және қадағалау органдары қадағалауды осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырады.»;

4) 153-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«153-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың, оның ішінде бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдары қабылдайтын шаралар»;

1-тармақтың бірінші бөлігі «(лауазымды адамдары)» деген сөздерден кейін «осы баптың 1-1 және 1-2-тармақтарында белгіленген ережелерді ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар, оның ішінде жедел ден қою шаралары қабылданған кезде мемлекеттік органның және жергілікті атқарушы органның лауазымды адамы (лауазымды адамдары) прокурорды хабардар етеді.

1-2. Прокурормен келісу бойынша мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мынадай:

субъектінің (объектінің не оның жекелеген учаскесінің) қызметін, әрекетті, процесті тоқтата тұру;

рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұру, одан айыру (кері қайтарып алу);

рұқсатты беруден не оның қолданылу мерзімін ұзартудан бас тарту;

мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, квазимемлекеттік сектор ұйымының бұрын инвестордың пайдасына шығарылған шешімінің күшін жою (кері қайтарып алу);

мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның келісімшартты не келісімді біржақты тәртіппен бұзуы мәселелері бойынша тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қабылдайды.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды прокурордың келісімінсіз қабылдауға құқылы емес.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторды прокурормен келісу қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

Прокурордың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды келісу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.»;

5) 174-бап 12) тармақшасындағы «бермеу сияқты әрекеттеріне тыйым салынады.» деген сөздер «бермеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) тауарды тауар биржаларында өткізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті болып табылатын жағдайларда мұндай өткізуден негізсіз бас тарту немесе жалтару сияқты әрекеттеріне тыйым салынады.»;

6) 193-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген шектеулер «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына қолданылмайды.»;

7) 276-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тексеру жүргізу туралы шешімдері прокурормен міндетті түрде келісілгеннен кейін қабылданады.

Келісу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.»;

8) мынадай мазмұндағы 282-3-баппен толықтырылсын:

«282-3-бап. Инвесторлар тізілімі

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қызмет туралы деректерді пайдалану үшін инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган инвесторлар тізілімін жүргізеді.

2. Инвесторлар, инвестициялардың сомалары, инвестициялық жобалардың түрлері, оларды іске асыру кезеңдері туралы мәліметтерді және Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қызмет туралы басқа да мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор инвесторлар тізілімі болып табылады.

3. Инвесторлар тізілімі инвестициялық жобаларды кешенді қолдап отырудың бірыңғай ақпараттық жүйесі болып табылатын Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада қалыптастырылады, оны құруды, басқаруды және техникалық қолдауды инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор ұйымдары инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға инвесторлар және олардың инвестициялық жобалары туралы мәліметтердің ұсынылуын, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерінің Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада инвесторлар тізілімімен интеграциялануын қамтамасыз етеді.

5. Инвесторлар тізілімін қалыптастыру, жүргізу мен пайдалану, Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаның жұмысын ұйымдастыру, мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор ұйымдарының ақпараттандыру объектілерін интеграциялау тәртібін инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.».

2. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

8-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

«7. Мемлекеттік органдар инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын талап қоюмен сотқа жүгіну құқығын прокурормен міндетті түрде келіскеннен кейін іске асырады.

Келісу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.».

3. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 16) тармақшасы алып тасталсын;

2) 29-1-бапта:

2-1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Қазақстан Республикасының заңдарында электрондық сауда алаңдарында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды міндетті түрде жүргізу жағдайлары белгіленеді.

Электрондық сауда алаңдарында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.».

4. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша «биржалық саудаға», «биржалық сауда-саттықты», «биржалық сауда», «биржалық сауданың белгіленген ережелері», «биржалық сауда-саттыққа», «Биржалық сауда», «биржалық сауда-саттықта», «биржалық сауда-саттық», «биржалық саудамен», «биржалық сауда-саттықтың», «биржалық сауданың ережелеріне», «Биржалық саудаға», «Биржалық сауда-саттықта», «Биржалық сауда-саттықтарды», «биржалық сауданы» деген сөздер тиісінше «биржа саудасына», «биржадағы сауда-саттықты», «биржа саудасы», «биржа саудасының белгіленген қағидалары», «биржадағы сауда-саттыққа», «Биржа саудасы», «биржадағы сауда-саттықта», «биржадағы сауда-саттық», «биржа саудасымен», «биржадағы сауда-саттықтың», «биржа саудасы қағидаларына», «Биржа саудасына», «Биржадағы сауда-саттықта», «Биржадағы сауда-саттықты», «биржа саудасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспе алып тасталсын;

3) 1-бапта:

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) биржадағы сауда-саттық – тауар биржасының биржалық мәмілелер жасасу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін электрондық сауда жүйесіне берілген электрондық өтінімдер негізінде биржалық тауарлар бойынша мәмілелер жасауға бағытталған, биржа саудасы қағидалары шеңберінде жүргізілетін процесс;»;

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

«1-2) биржалық брокер (бұдан әрі – брокер) – тауар биржасында өз қызметін жүзеге асыратын және клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүддесі үшін биржалық тауармен мәмілелер жасайтын заңды тұлға;»;

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) биржалық қамтылым – биржа саудасына қатысушылар жасалатын биржалық мәмілелер бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде тауар биржасының клирингтік орталығына биржадағы сауда-саттыққа қатысу үшін қайтарымды негізде енгізетін ақшалай қамтылым;»;

3), 5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) биржалық тауар – биржалық тауарлар тізбесіне және (немесе) әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген стандарттталған біртекті тауар, оның бірліктері барлық жағынан бір-біріне сәйкес келеді, олардың ұқсас сипаттамалары болады және ұқсас құрамдастардан тұрады, бұл оларға түрлі өндірушілерден шыққан партиялардың бірін-бірі

толық алмастыру қасиеті бар сол бір функцияларды орындауына мүмкіндік береді;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) және 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) биржа саудасы – тауар биржасында электрондық нысанда биржадағы сауда-саттықты өткізу, мәмілелерді тіркеу және ресімдеу арқылы жүзеге асырылатын биржалық тауарлар мен мерзімді келісімшарттарды өткізу (сатып алу) жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

8-2) биржа саудасына қатысушылар – тауар биржасында биржа саудасының белгіленген қағидалары бойынша өзара іс-қимыл жасайтын клиенттер, брокерлер, дилерлер және маркет-мейкерлер;»;

9-1), 11-2) және 14-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1) кепілдік беру қоры – биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында биржа мүшелерінің жарналары есебінен тауар биржасының клирингтік орталығы қалыптастыратын ақша қоры;»;

«11-2) қосарланған қарсы аукцион режимі – сатушылар мен сатып алушылар бәсекелестігі нәтижесінде биржалық мәмілелер анонимді түрде жасалатын, ал биржалық тауарға баға сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі деңгейінде белгіленетін сауда режимі;»;

«14-2) резервтік қор – биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тауар биржасы өз қаражаты есебінен қалыптастыратын ақша қоры;»;

16 >

1, 15<

15) тармақшадағы «үйлестіруді» деген сөз «салааралық үйлестіруді» деген сөздермен ауыстырылсын;

16-1), 16-2) және 16-3) тармақшалар алып тасталсын;

17) тармақша «брокерлер,» деген сөзден кейін «сондай-ақ» деген сөзбен толықтырылсын;

4) 1-тарау мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

«2-1-бап. Тауар биржаларының қызметі саласындағы реттеудің негізгі мақсаттары мен қағидаттары

1. Тауар биржаларының қызметі саласындағы реттеудің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) тауар биржаларының ашық және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) биржа саудасына қатысушылардың құқықтарын қорғау және адал бәсекелестік;

3) тауар биржасында жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету.

2. Тауар биржаларының қызметі саласындағы реттеудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) биржа саудасын жүзеге асыру заңдылығы;

2) биржа саудасына қатысушылардың тең мүмкіндіктерін және жауапкершілігін қамтамасыз ету;

3) ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі.»;

5) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тауар биржаларының қызметі саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі тауар биржаларының қызметі саласында:

1) тауар биржаларының қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын конкурстық негізде айқындайды және оларға қойылатын өлшемшарттарды белгілейді;

3) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

6) 4-бапта:

2) тармақша «тауар биржаларының» деген сөздерден кейін «, тауар биржалары клирингтік орталықтарының, брокерлердің, дилерлердің» деген сөздермен толықтырылсын;

2-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2) биржалық тауарлар тізбесін әзірлейді және бекітеді, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;»;

мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

«2-3) әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесін әзірлейді және бекітеді, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;»;

3-4) тармақша алып тасталсын;

3-5) тармақша:

«тауар биржаларының» деген сөздерден кейін «, брокерлердің және тауар биржалары клирингтік орталықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

«және бекітеді» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-7) тармақшамен толықтырылсын:

«3-7) тауар биржаларының қызметіне талдау және мониторинг жүргізеді;»;

10-3) және 10-4) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-6) тармақшамен толықтырылсын:

«10-6) тауар биржасының мүшелері үшін кіру жарналарының, биржадағы сауда-саттыққа қатысқаны үшін төлемдердің және брокерлер комиссияларының ең жоғары мөлшерін белгілейді;»;

7) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Тауар биржалары саласындағы қызметті лицензиялау

1. Тауар биржаларының, тауар биржалары клирингтік орталықтарының және брокерлердің қызметін лицензиялау осы Заңның ережелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Монополияға қарсы орган тауар биржасы, брокер, тауар биржасының клирингтік орталығы лицензиясының қолданылуын мынадай:

1) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасында көзделген талаптар жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) бұзылған және (немесе) монополияға қарсы органның нұсқамасында көрсетілген бұзушылықтар жойылмаған;

2) тауар биржаларының, брокерлердің, тауар биржалары клирингтік орталықтарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

3) тауар биржасы, брокер, тауар биржасының клирингтік орталығы лицензиялық қызметті қатарынан күнтізбелік алты ай бойы жүзеге асырмаған;

4) осы Заңда тыйым салынған қызмет жүзеге асырылған;

5) тауар биржасының, брокердің, тауар биржасы клирингтік орталығының қызметін тексеруге байланысты монополияға қарсы орган өз құзыреті шегінде талап еткен құжаттар мен ақпаратты беруден бас тартылған;

6) лицензия беруге негіз болған құжаттарда анық емес ақпарат беру фактісі анықталған;

7) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптар жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) бұзылған жағдайларда бір айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешімде тоқтата тұрудың себептері мен мерзімі көрсетілуге тиіс.

Лицензияның қолданысы тауар биржасы, брокер, тауар биржасының клирингтік орталығы міндетті түрде хабардар етіле отырып, тоқтата тұру туралы шешім шығарылған күннен бастап тоқтатыла тұрды деп есептеледі.

Лицензияның қолданысын тоқтата тұру қызметтің тоқтата тұру кезеңінде жүзеге асырылуына тыйым салуға алып келеді.

3. Лицензия тоқтатыла тұрған жағдайда оның қолданысын қайта бастауды монополияға қарсы орган «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 3 және 7-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

4. Тауар биржасының, брокердің, тауар биржасы клирингтік орталығының лицензиясынан айыру (кері қайтарып алу) мынадай негіздердің бірі бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады:

1) тауар биржасы, брокер, тауар биржасының клирингтік орталығы лицензиясының қолданысын тоқтата тұру себептерінің жойылмауы;

2) тауар биржасы, брокер, тауар биржасының клирингтік орталығы лицензиясы қолданысының бірнеше рет (соңғы он екі ай ішінде екі рет) тоқтатыла тұруы;

3) тауар биржасына, брокерге, тауар биржасының клирингтік орталығына қатысты қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы.

Лицензиядан айыру (кері қайтарып алу) туралы ақпарат монополияға қарсы органның интернет-ресурсында жарияланады.»;

8) 6-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлармен биржадағы сауда-саттықты Қазақстан Республикасының Үкіметі конкурс негізінде айқындаған тауар биржалары жүзеге асырады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Тауар биржасы жарғылық капиталының ең төмен мөлшері кемінде екі миллиард теңгені құрайды.

Бұл ретте кемінде бір миллиард теңге ақшалай енгізіледі.»;

9) 10-баптың 2-тармағында:

2) тармақша алып тасталсын;

6) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) биржадағы сауда-саттықты өткізу тәртібі;»;

«8) әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар бойынша биржадағы сауда-саттықты өткізу шарттары (биржа саудасына қатысушыларға қойылатын талаптар, бір сауда сессиясындағы сауда лотының ең жоғары және ең төмен мөлшері, баға өтінімдерінің ауқымы, өткізілетін тауардың көлемі, биржалық тауарға ақы төлеу және оны беру (тиеп-жөнелту) фактілерін растайтын құжаттардың болуы және өзге де шарттар);»;

9) тармақша алып тасталып, 10) тармақшадағы «қамтамасыз ету» деген сөздер «қамтылым» деген сөзбен ауыстырылсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) биржалық және биржадан тыс мәмілелерді есепке алу және тіркеу тәртібі;»;

20) және 23) тармақшалар алып тасталсын;

10) 11-баптың 3-тармағындағы «Тауар биржасымен үлестес заңды тұлғалар» деген сөздер «Тауар биржасының дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін тұлғалар осындай» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тауар биржасымен еңбек қатынастарында тұрған және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын жеке тұлғалар тауар биржасының жұмыскерлері болып табылады. Тауар биржасы жұмыскерінің бір мезгілде тауар биржасының мүшелерімен, өзге тауар биржаларымен және өзге тауар биржаларының мүшелерімен еңбек қатынастарында тұруына тыйым салынады.»;

12) 13-2-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) тауар биржасында жасалатын мәмілелер туралы мәліметтерді, сондай-ақ биржадағы сауда-саттық нәтижелерін лицензияның барлық қолданылу кезеңі барысында өзінің интернет-ресурсында сақтауға;»;

13) 13-3-бап алып тасталсын;

14) 14-бапта:

2-тармақта:

1) тармақшадағы «биржасы мүшелерінің кепілдік» деген сөздер «биржасының мүшелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «мөлшерін;» деген сөз «мөлшерін белгілеуге құқығы бар.» деген сөздермен ауыстырылып, 2-1) тармақша алып тасталсын;

3-тармақтағы «және дилерлер» деген сөздер алып тасталсын;

15) 15-бапта:

5-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) биржа саудасына жіберілген биржалық тауарлардың қысқаша атаулары және олардың Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес кодтары;»;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Тауарларды биржалық тауарлар тізбесіне енгізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Тауар биржаларының биржалық тауарлар және әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбелеріне енгізілмеген тауарлармен биржадағы сауда-саттықты ұйымдастыруына тыйым салынады.»;

мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

«7. Тауар биржалары арқылы міндетті түрде өткізілуге жататын биржалық тауарлардың сауда-саттығын мониторингтеуді мемлекеттік басқарудың тиісті салаларында (аяларында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүргізеді.

8. Тауар биржасында жасалған мәмілелер туралы мәліметтер жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.»;

16) 15-1-бапта:

тақырыптағы «режимдері» деген сөз «режимі» деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Биржадағы сауда-саттық қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізіледі.»;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Биржадағы сауда-саттық:»;

5, 6, және 7-тармақтар алып тасталсын;

17) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1-бап. Тауар биржасының және тауар биржасы клирингтік орталығының биржалық мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қорлары

Биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тауар биржасы резервтік қор құрады, ал тауар биржасының клирингтік орталығы кепілдік беру қорын құрады.

Тауар биржасы резервтік қорының ең төмен мөлшері Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде жиырма мың еселенген мөлшерін құрайды.

Кепілдік беру қорына жарнаның ең төмен мөлшерін тауар биржасының клирингтік орталығы тауар биржасының тиісті мүшесі қол жеткізе алатын сауда секцияларына қарай тауар биржасымен келісу бойынша белгілейді.

Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржалары осындай тауарлармен сауданы бастаған күннен бастап бір жыл ішінде резервтік қор мөлшерін Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде бір жүз мың еселенген мөлшеріне дейін ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

Резервтік және кепілдік беру қорларын қалыптастыру мен пайдалану қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.»;

18) 17-бапта:

2 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауар биржасы клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасқан, клирингтік қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар заңды тұлға тауар биржасының клирингтік орталығы болып табылады.

Клирингтік орталықтар бір немесе бірнеше тауар биржасына, электрондық сауда алаңдарына, сондай-ақ биржадан тыс мәмілелерге клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға құқылы.

Тауар биржасына бірнеше клирингтік орталықтың клирингтік қызмет көрсетуіне тыйым салынады.»;

«5. Тауар биржасы клирингтік орталығының өз қызметін жүзеге асыру үшін биржа саудасына қатысушылар енгізген биржалық қамтылым сомасына қарай олардың биржадағы сауда-саттыққа жіберілуін автоматтандырылған бақылауды қоса алғанда, клирингтік қызмет процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін, уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін аппараттық-бағдарламалық кешенінің болуы міндетті.»;

7-1-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-2-тармақпен толықтырылсын:

«7-2. Биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету үшін тауар биржасының клирингтік орталығы биржадағы сауда-саттыққа әрбір қатысушыға биржалық қамтылымды және биржалық мәміле бойынша тауарға ақы төлеу үшін енгізілген ақшаны есепке алу жөніндегі бөлек тіркелімдері бар сауда шоттарын ашады.

Биржадағы сауда-саттыққа қатысушылардың ақшасы тауар биржасы клирингтік орталығының жеке банктік шотында сақталуға тиіс.

Тауар биржасының клирингтік орталығы брокердің және оның клиенттерінің ақшасын бөлек есепке алуды жүргізеді.

Тауар биржасының клирингтік орталығы әрбір жасалған мәміле бойынша бұғатталған биржалық қамтылымды есепке алуды жүргізеді.»;

19) 4-тарау мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

«18-1-бап. Биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылар тізілімі

1. Биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылар тізілімі:

1) қойылатын талаптар және (немесе) баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген сатып алушылар;

2) жасалған биржалық мәмілелер бойынша шарттарға қол қою жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған сатушылар мен сатып алушылар;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған сатушылар мен сатып алушылар тізбесін білдіреді.

2. Биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылар тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді монополияға қарсы орган жүзеге асырады.

3. Тізілімде болу мерзімі монополияға қарсы органның оларды биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешім қабылдаған күннен бастап жиырма төрт айды құрайды.

Қатысушыны биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу туралы шешімге ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

4. Биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілген сатушылар немесе сатып алушылар биржадағы сауда-саттыққа қатысуға жіберілмейді.

Биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылар тізілімінде қамтылған мәліметтер осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ монополияға қарсы органның қатысушыны биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушы деп тану туралы шешімінің күші жойылған жағдайда аталған тізілімнен алып тасталады.»;

20) 19-бапта:

тақырыптағы «Брокердің және дилердің» деген сөздер «Тауар биржасы мүшелерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөліктегі «брокерлік және дилерлік қызмет» деген сөздер «брокердің, дилердің, маркет-мейкердің қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі биржадағы сауда-саттыққа дилер ретінде қатысады.»;

1-1-тармақта:

бірінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1) тармақшадағы «брокерлік және дилерлік қызмет» деген сөздер «дилердің, маркет-мейкердің қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «тауар биржасында брокерлік және дилерлік қызметті» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауар биржасында брокердің, дилердің, маркет-мейкердің қызметін» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) брокердің лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрғанда, оны лицензиясынан айырғанда (кері қайтарып алғанда) тауар биржасында аккредиттеудің күшін жою туралы шешім қабылдайды.»;

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

«1-2. Тауар биржасы мүшелерінің өтінімдер ұсыну және мәмілелер жасасу үшін тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне жүгіну жылдамдығы секундына екі және одан да көп жолданымды құрайтын, деректерді автоматты түрде жеделдетіп өңдеу мен беру технологияларын және сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелерді пайдалануына тыйым салынады.

Осындай технологиялар пайдаланылып жасалған мәмілелер маңызсыз деп танылады және тауар биржасы олардың күшін жоюға тиіс.

Өтінімдерді жинаудың, енгізуге дайындаудың және оларды тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне жіберудің, сондай-ақ сауда жүйесі пайдаланылып жасалатын барлық әрекетті тауар биржасының мүшелері тарапынан бақылауды қамтамасыз ететін режимде жұмыс істейтін осындай жүйеден ақпаратты алу мен өңдеудің автоматтандырылған бағдарламалық-техникалық құралдары тауар биржасының шешімімен міндетті түрде сертификатталады.

Сауда-саттыққа қатысушылар тауар биржасы сертификаттамаған осындай бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдаланып жасасқан мәмілелер маңызсыз деп танылады және тауар биржасы олардың күшін жоюға тиіс.

Тауар биржасы күшін жойған мәмілелер бойынша биржалық тауарлар осы Заңның талаптары сақтала отырып, келесі және (немесе) қосымша сауда сессиясы шеңберінде сауда-саттыққа қайта шығарылады.»;

2-тармақтағы «Брокер және дилер» деген сөздер «Брокер, дилер және маркет-мейкер» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Тауар биржасы мен маркет-мейкердің өзара іс-қимылы келісім, сондай-ақ тауар биржасының ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

Маркет-мейкер биржадағы сауда-саттыққа қатысады және бағаны, сұранысты, ұсынысты немесе биржалық сауда-саттық көлемін қолдауды жүзеге асырады.

Маркет-мейкердің биржадағы сауда-саттықта дилер ретінде кемінде үш жыл үздіксіз қатысу тәжірибесі болуға тиіс.

Маркет-мейкердің қызметі базалық активі биржалық тауарлар болып табылатын мерзімді келісімшарттармен биржадағы сауда-саттықта ғана жүзеге асырылады.

Маркет-мейкерлер қызметінің шарттары мен шектеулері биржа саудасы қағидаларында белгіленеді.»;

21) 19-1-бапта:

3-тармақта:

«Тауар биржалары, брокерлер» деген сөздер «Брокерлер» деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

7-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы «, тауар биржасының» деген сөздер алып тасталсын;

22) 21-1-бап алып тасталсын;

23) 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Маркет-мейкерлер, брокерлер, дилерлер және тауар биржасының жұмыскерлері табиғи баға белгілеуді бұзуға және тауар нарығының тұрақсыздануына алып келуі мүмкін әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) жол бермеуге міндетті.»;

24) 25-бапта:

1-тармақ «мемлекеттік бақылау» деген сөздерден кейін «берілген лицензиялар бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Тауар биржаларының, брокерлердің, тауар биржалары клирингтік орталықтарының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылау жоспардан тыс тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.».

5. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өз қызметін тауар биржасында жүзеге асыратын және биржалық тауарлармен мәмілелер жасайтын биржалар, биржалық брокерлер, сондай-ақ тауар биржаларының клирингтік орталықтары;»;

2) 11-баптың 3-2-тармағының төртінші абзацындағы «тауар биржалары» деген сөздер «өз қызметін тауар биржасында жүзеге асыратын және биржалық тауарлармен мәмілелер жасайтын тауар биржалары, биржалық брокерлер және тауар биржаларының клирингтік орталықтары» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

30-баптың 5-тармағының бірінші бөлігіндегі «Офицерлік» деген сөз «Қашықтан оқытуды және (немесе) онлайн-оқытуды қолданатын білім алушыларды қоспағанда, офицерлік» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-қосымшада:

46-жолдың 3-бағанындағы 1 және 2-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 46-1 және 46-2-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 46-1. | Тауар биржалары саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
| 46-2. | Тауар биржалары саласында клирингтік қызметпен айналысу құқығына лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |

».

8. «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

23-бапта:

2-тармақта:

3) тармақшадағы «алу» деген сөз «алу тәсілімен» деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) биржалық тауарды сатып алушы ретінде тауар биржаларында жүзеге асырылады.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Биржалық тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Табиғи монополия субъектісі сатып алуды Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес электрондық сауда алаңдары арқылы жүзеге асырады.».

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы «2025» деген цифрлар «2030» деген цифрлармен ауыстырылсын.

10. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 6) тармақшасында:

«, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар» деген сөздер алып тасталсын;

«басқаруға берілген заңды тұлғалар,» деген сөздерден кейін «әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар,» деген сөздермен толықтырылсын.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 1-тармағының 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 2) тармақшасының қырқыншы және қырық бірінші абзацтарын және 24) тармақшасының он жетінші абзацын;

6) 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 2) тармақшасының жиырма алтыншы және жиырма жетінші абзацтарын, 6) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 22) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 24) тармақшасының он үшінші, он төртінші және он бесінші абзацтарын, 6-тармағы 10) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, он бесінші және он алтыншы абзацтарын, 12) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 9-тармағы 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын және 2) тармақшасын;».

2-бап. Осы Заң:

1) 2024 жылғы 31 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9, 10 және 11-тармақтарын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 3), 4), 6), 7) және 8) тармақшаларын, 2-тармағын;

3) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 7) тармақшасын, 18) тармақшасының үшінші абзацын, 20) тармақшасының он екінші және он үшінші абзацтарын және 7-тармағын;

4) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 5) тармақшасын, 6) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 8) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 9) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 30 желтоқсан
№ 149-VIII ҚРЗ